

ҚАРТТАР КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№ 40 (7732)
23.09.2016
ЖҰМА

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді райы

аудандық апталық газет
e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...



Құрметті ардагерлер, зейнеткер ағалар мен апалар!

Сіздерді «1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Қарттарын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік. Шындығында өсетін елдің өнегелі ұрпағы дария-теңіз – қариясын құрметтеп, үлкендерді сыйлауды әрқашан өмірлік қағида тұтқан.

Қазақ қоғамында қариялар – елдік пен өнегелі өмір тәжірибесінің қайнар көзі болып, елді береке-бірлікке, ырыс-ынтымаққа жұмылдыра білген.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

Нұржан ӨТЕГЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі

Аға буын өкілдері - осы таңдағы ұрпақтың бақытты өмір сүруіне бар қажыр-қайраттарын жұмсап, ел ертеңі жолында аянбай қызмет жасады. Олар бүгінде ортақ мәселелерді шешуге белсене атсалысуда. Бізге Сіздердің кеңестеріңіз, білімдеріңіз, бай тәжірибелеріңіз бен даналықтарыңыз аса қажет. Сіздер бізді сабырлықпен, түсіністікпен, махаббатпен қайырымдылыққа және еңбексүйгіштікке, отбасына әрі Отанға деген адалдыққа, лайықты өмір сүруге, жақсылыққа деген үмітті ешқашан жоғалтпауға баулисыздар.

Мемлекет Сіздердің әлеуметтік жағдайларыңызды жақсарту жолында барлық мүмкіндіктерді туғызуда, еліміздің экономикалық, қоғамдық, мәдени және рухани өміріне белсене атсалысу үшін барлық жақсы игі істер жасауда. Жыл сайын Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері

ұлғаюуда, қарт адамдарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсету жүйесі жетілдірілуде.

Халқымызда «Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген даналық сөз бар. Олай болса, ақылдың кені, қазыналы қарттарды құр-меттеу, қарияларымызды ардақтап, оларды қашанда қамқорлық аясынан тыс қалдырмау Мемлекет Басшысының сөзімен айтқанда: «Біз бен сіздің парасатты парызымыз әрі қастерлі міндетіміз!» Елбасы саясатының басты бағыты да осы – аға ұрпаққа қамқорлық.

Қымбатты да қадірлі қариялар!

Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бақытты да ұзақ ғұмыр, ашық аспан тілеймін! Немере-шөберелеріңіздің ортасында қуанышқа бөленіп, аман-есен жүре беріңіздер.

СОТ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТӘСІЛІ

Нұрбану Төлебайқызы МАЛЕЛОВА,
Амангелді аудандық сотының судьясы

Еліміздің сот жүйесі жылдар бойы жүргізілген сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды. Сот жүйесінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын, мен заңды мүдделерін қорғауға және Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл әркімнің құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе кез-келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарына сот арқылы қорғауға кепілдік беретін орган. Сот алдында сот төрелігін сапалы атқару, әділ шешім шығару аталған құрылымдық жүйенің қоғам талабына сай үнемі жетіліп, оның ілгерілеуіне заманауи тетіктер мен кешенді сот реформаларын жүргізу қажеттілігін туындатты.

1996 жылы «Қазақстан Республикасы Судьяларының одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Аталған бірлестік судьялар қауымдастығының мүдделерін қорғауды және оларды іске асыру үшін ауқымды шараларды жүзеге асыруды қолға алды. 1996 жылы 1 қарашада Алматы қаласында өткен Судьялар ассоциациясының құрылтай конференциясында Судьялар одағының басшы құрамы сайланып, 19 желтоқсанда Алматы қаласында республика судьяларының I-съезі өткізілді.

Сот реформаларын дамыту мақсатында Судьялар одағы Жарғысының, Судьялар Қауымдастығының филиалдары туралы ереженің және Судья этикасы кодексінің жобалары жасалды. 1996 жылдың 19 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысы қабылданды.

1999 жылы Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Судьяларының II съезі өтті. Бұл съезде Жоғарғы Сот сатысына заң шығарушылық бастамасы және заңдарға тәуелді актілерді түсіндіру құқығын қайтару, аумақтық соттардың құзыреті институтын енгізу және судьяларды белгілі мерзімге тағайындау мәселелерін көтерді.

Ал, 2001 жылы Судьялардың III съезі өткізілді. Сот алдына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру Мемлекет Басшысының 2002-2009 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрініс тапты.

2005 жылы Астана қаласында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың қатысуымен Судьялардың IV съезі өтті. Осы форумда Президент сот саласының қол жеткен

жетістіктеріне баға берді. Оның жұмысын одан әрі іргерлендіру мақсатында нақты тапсырмалар жүктеді.

2009 жылы 19 қарашада өткен Судьялардың V съезінде Ел басы «Қазақстанда сот билігі үшін көп іс атқарылды. Халық судьялар корпусынан соттың заң мен әділдіктің әрқашан сенімді тірегі болатындай жұмыс істеуін талап етуге құқылы» деп атап көрсетті.

Судьялар съезде сот дауларын шешудің баламалы тәсілдерін енгізу туралы мәселені алға тартты.

Осыған байланысты медиация туралы заңнаманы қолданысқа енгізу күн тәртібіне қойылды. Сойтіп елімізде «Медиация туралы» заң дүниеге келді.

Сондай-ақ, «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы», алқабилер соты және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қолданысқа енгізілді. Құқықтық саясатты жүзеге асыру мақсатында Астана және Алматы қалаларында, кейіннен барлық өңірлерде көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар іске қосылды.

Бүгінде «сот жүйесінің де еркін жұмыс істеп, әділ үкім, тура шешім шығаруына толыққанды жағдай жасап отыр, материалдық-техникалық жақтан толық қамтамасыз етілген, рухани жақтан жан-жақты қолдау тауып отыр.

Еліміздің алдына 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, сан түрлі сынақтан өткен сот жүйесінің негізінде сапалы сот шешімдерін жүзеге асыру және әділ қоғам құру деген мақсат белгіленді. Бүгінде Судьялар одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің арқасында маңызы жоғары әділдік, ізгілік қағидасына бағытталған құжаттар дүниеге келді. Соның бірі 2009 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Судьяларының V съезінде қабылданған Судья әдебінің кодексі. Құжат судьялардың адамгершілік және моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптарды қояды.

Судьялар қауымдастығының көп жылғы еңбегінің жемісі ретінде аумақтық және корпоративтік белгі бойынша құрылатын филиалдар дүниеге келді. Яғни, аталған қоғамдық бірлестіктің қызметі республикамыздың барлық аумағында іске қосылған. Жарғыға сәйкес Судьялар съезі Одақтың жоғарғы басқару орга-

ны болып табылады.

Елбасының былтыр жәриялаған «Бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға бағытталған Ұлт жоспарында сот жүйесінің алдында заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер қойған болатын. Бүгінгі таңда сот жүйесінің алдына қойылған бұл міндеттер заңнамалық тұрғыда толығымен орындалды. Жаңа Азаматтық процестік кодекс, «Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» заң қабылданды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық процестік кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті өзгерістер енгізілді.

Жанартылған заңнамалар халықтың сот жүйесіне деген сенімін одан әрі арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Қазақстан Соттарының өзекті мәселелерінің бірі- сапалы судьялар корпусын қалыптастыру. Заңнамалық тұрғыда судьялыққа кандидаттарды қатаң іріктеу тәртібі бекітілді, кандидаттарға деген талаптар күшейтілді.

Жүргізілген сот реформасының аясында бірқатар институттар жұмыс істей бастады, Жоғарғы Сот жанындағы Сот жюриіне қосымша өкілеттіктер беріліп, жаңадан қайта құрылды; Жоғарғы Сотта мамандырылған ірі инвесторлардың қатысуымен қаралатын дауларды шешетін алқа құрылды, тергеу судьяларының өкілеттігі кеңейтілді.

Биыл Қазақстан судьяларының кезектен тыс VII съезі өтпек. Бұған дейін Елбасы Судьялар одағының VI съезінде алдымызға маңызды міндеттер қойды. Қазақстанның сот жүйесінде кемшіліксіз сот төрелігіне қалай қол жеткізуге болатындығын ашып көрсетті. Съезде қозғалатын мәселелердің бірі Судьялардың жаңа әдеби кодексін бекіту.

Жаңа Кодекстің қабылдануы сот билігінің дамуы мен нығаюының, сот төрелігін жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасын арттырудағы, елімізде тәуелсіз және адамгершілік жағынан мінсіз сот корпусының қалыптасуының кепілі.

Судьяның қызметі үнемі халықтың назарында болғандықтан, судьялардың жүріп-тұруы жоғары моральдық әдеп талаптарға сай болуы қажет. Әбір судья қоғам алдындағы ерекше жауапкершілігін сезініп, ал сот қауымдастығы еліміздің алдында тұрған құқықтық мемлекет қалыптастыру мақсатына жету жолында бар күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсай бермек.

Судьялардың әдеп кодексі судьялардың моральдық оң бейнесін қалыптастыруға, сот әділдігі сапасының көтерілуіне, заңды және негізді шешімдердің қабылдануына, сот актілері сапасының жоғарлауына, нәтижесінде сот жүйесі имиджінің арттыруына ықпал етеді деп сенеміз.

Әрбір қоғамның өмірінде материалдық құндылықтардан басқа рухани құндылықтар да маңызды рөл атқарады. Адам туылғанда табиғат оған ойлау, шығармашылық, ғылыми және мәдени туындылар жасау қабілетін сыйға береді. Осы шығармашылық туындылар әрбір халықтың, мемлекет пен адамзаттың рухани және зияткерлік қорын құрайды.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық қатынастарда өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Соған сәйкес ұлттық заңнамаларда қазақстанда зияткерлік қарақшылыққа жол бермейтін заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасындағы Зияткерлік меншік құқығын қорғау төмендегі заңнамалармен: ҚР «Азаматтық кодексі», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «ҚР Патенттік Заңымен», «ҚР Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шығу жері атаулары туралы» Заңдарымен қорғалады.

Азаматтардың зияткерлік меншік құқығын қорғау арқылы мемлекет олардың шығармашылық өрісінің дамуын, сол арқылы ел экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселесі тек қана өзінің шығармашылық қызметінде объектілері мен ие болып жатқан азаматтарға алаңдатпайды, олармен бірге қызметі авторлардың және өнертапқыштардың құқықтарын қорғауына бағытталған мемлекеттік органдардың да зияткерлік меншікті шеттетпеді, өйткені осы бағытқа арналған мемлекеттік органдардың жұмысы жалпы Республиканың халықаралық шарттарына қосылуына және халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға және зияткерлік меншікті қорғау одақтарына кіруіне қажет.

Әрбір автор өз құқығы бұзылған жағдайда сотқа немесе Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік департаментіне, аумақтық органдарына немесе арнайы құрылған мүлкітік құқықты реттейтін және қорғайтын қоғамдық ұйымдарға арыздануына болады.

Айжан СЫЗДЫКОВА,
аудандық Әділет басқармасының басшысы.

110 ШҰҒЫЛ ЖЕЛІСІ

Қауіпсіздік Кеңесінің а.ж. 10 маусымдағы хаттамалық тапсырмасымен облыстардың, Астана және Алматы қ.к. әкімдеріне ІІМ-мен, ҰҚК-мен және Ақпарат және коммуникация министрлігімен (АКМ) бірлесіп жергілікті жерлерде «шұғыл» терроризмге қарсы желі құру бойынша шаралар қабылдау тапсырылған.

ҰҚК ақпараты бойынша, бұл жұмыс негізінен аяқталған. АКМ а.ж. 7 шілдедегі бұйрығымен террористік қауіптерге байланысты хабарламалар қабылдау үшін ұштаңбалық «110» нөмірі (бұдан әрі – «110 шұғыл желісі») бөлінді.

Азаматтардың Қазақстанның кез келген нүктесінен «110 шұғыл желісіне» шығыс қоңырауды жүзеге асыруы кезінде қоңыраулар аумақтық белгісі бойынша ҰҚК облыстық және Астана, Алматы қ.к. департаменттерінің кезекші қызметтеріне түсетін болады. Мысалы, Балқаш қаласынан қоңырау шалынған кезде қоңырау ҰҚК Қарағанды облысы департаментінің кезекші қызметіне түседі.

Дейтұрғанмен, «110 шұғыл желісінің» лайықты жұмыс істеуі үшін, шұғыл түрде оның өтеусіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі уақытта тегін қоңырауларды тек аудандық/қалалық телефондардан және «Beeline» мобильді операторының нөмірлерінен ғана жүргізуге болады, олармен ҰҚК уағдаластық жүргізген.

«Kcell» (Kcell, Active), «Altel», «Мобайл Телеком-Сервис» (Tele2) АҚ олардың қызметіне төлемнің реттелмеуіне байланысты, «110 шұғыл желісіне» қосылған жоқ.

Мысалы, «Kcell» АҚ байланыс қызметтерін пайдаланушыларды қосу тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, апаттық, анықтамалық және басқа да қызметтердің (Үкіметтің 03.09.2004 ж. № 929) тізбесінде «110» нөмірінің жоқтығына байланысты, оған қызмет көрсету ақылы негізде жүзеге асырылатындығын хабарлады.

Осыған байланысты, ҰҚК а.ж. 22 шілдесінде Премьер-Министр Кеңсесінің атына «110 шұғыл желісін» аталған Тізбеге енгізу туралы өтінішхат жолдады.

Кейіннен халыққа жаңа қызметтің жұмыс істейтіні туралы хабарлау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу қажет етіледі. Бұл туралы және басқа да шұғыл нөмірлер туралы ақпарат берудің бір реттік акциялармен шектелмей, тұрақты негізде жүргізілгені маңызды.

Айта кету керек, жеке және заңды тұлғалардан ТЖ туындауының алғышарттары немесе туындауы, адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіп және шұғыл көмек көрсету шараларын қабылдауды қажет ететін басқа да жағдайлар туралы хабарлар қабылдайтын бірыңғай кезекші-диспетчерлік «112» («112» БҚДҚ) нөмірі қазір қазақстандықтар мен шетел азаматтары арасында аса танымал болып табылады.

Осыған байланысты, террористік қауіптермен байланысты хабарламалар қабылдау және шұғыл беру бөлігінде «112» БҚҚС пен «110 шұғыл желісінің» өзара іс-қимылы мәселелерін пысықтау қажет.

Амангелді ауданы бойынша 2016 жылдың қаңтар-тамыз айларының халық қозғалысы

1 қыркүйек 2016 жылға Амангелді ауданы бойынша халық саны 17380 адамды құрайды.

2016ж. қаңтар-тамыз айларында туу көрсеткіші 170 адам, қайтыс болғандар саны 59 адам, яғни 111 адамға өсім бар. 2015жылдың осы айларымен салыстырғанда туу көрсеткіші 186 адамды құрайды, қайтыс болғандар саны 64, яғни туу көрсеткіші 9% азайған, сонымен қатар қайтыс болғандар көрсеткіші 8% азайған.

Қ.МУСТАФИНА,
Амангелді ауданының статистика басқармасының басшысы



АРДАГЕРЛЕР — АЛТЫН ҚОРЫМЫЗ

Аудан зейнеткер қарттарының асыға күткен 1 қазан — Қарттар мерекесіне аз ғана күн қалды.

Осы жылдың 8 шілде айында өткен «Ардагерлер ұйымы» Республикалық орталық кеңесінің VII съезінде «Ең алдымен қарттардың, оның ішінде соғыс және тыл ардагерлерінің, олардың отбасыларының мұң-мұқтаждарын, талап-тілектерін орындау қажет» - деп атап көрсеткен болатын. Әрине, ауданымыздағы ардагерлер ұйымдары бұл талапты жүзеге асыру барлық қоғамдық ұйымдар және кәсіпорын, шаруа қожалықтары, басқа да ұжымдық ұйымдарының қолдауы мен атқарылатын шаруа екені белгілі.

Кәзіргі таңда аудан бойынша есепте тұратын 1355 зейнеткер бар. Оның ішінде 1 соғыс ардагері, 30 тылда еңбек еткендер, 69 соғыс кезінде тылда 6 ай еңбек еткендер санатына жата-тындар.

Аудан ардагерлер кеңесі аудан көлеміндегі соғыс және тыл ардагерлеріне



аудандық халықты әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімімен бірлесе отырып, оларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға байланысты жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді.

2016 жылы аудан бой-

ынша Ұлы Отан соғысына қатынасушыларды, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соларға теңестіріліп 46 зейнеткердің әрқайсысына 6363 теңге көлемінде барлығы 2 634 000 теңге төленген.

Ұлы Отан соғысының

ардагеріне ай сайын 21210 теңге көлемінде қаржы төленіп келеді. Ал, 9 мамыр — Жеңістің 71 жылдығына орай бюджет есебінен 150 мың теңге берілді. 2 зейнеткер «Сосновый бор» шипажайына емделуге жіберілді. Аудан орталығында, сонымен

қатар демеушілердің көмегімен қайырымдылық ас дастархандары жайылды. Жыл сайын мерекелер күндері аудан қарттары арасында шахмат, дойбы, билиард жарыстары мен «Батагөй қария» т.б. сайыстарға қатынасып, бақтарын сынап, жүлделі орындарға ие болып жатқан қарттарымыз баршылық. Биыл да демеушілердің көмегімен осындай спорттық шаралар өткізу белгіленіп отыр.

Биылғы жылы қасиетті құрбан айт мерекесінде аудан басшылары құрбандық шалып, оған 100-ден астам зейнеткерлер шақырылды. Халық қозғалысының 100 жылдығында да аудан қарттары лайықты құрметтелді.

Құрметті аудан қарттары!

Құрметті зейнеткерлер!

Баршаңызды 1 қазан - Қарттар күні мерекесімен құттықтай отырып, барлығыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бейбіт те баянды тіршілік тілеймін.

Сіздер — халықтың көз айнасысыздар. Көз айнаның тазда, жарық, әдемі болып жарқырап тұруы қоғамның тазалығы. Ендеше көңілге мұң, жүрекке кір, сенімге сызат түсірмей қанмен берілген ұлттық қасиеттерімізді өскелең ұрпақ бойына сіңіріп, мол тәжірибелерімізді елдің даму жолындағы ізгілікті істерге жұмсай беріңіздер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Балтабай УАХИТҰЛЫ,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

Суретте: бір топ ардагерлер

Ардагер аталар

ТОҚСАННЫҢ ТӨРІНДЕ



Биылғы жыл - Үрпек ауылдық округіне қарасты Ағаштыкөл ауылында тұратын тыл және еңбек ардагері Назар Әбдіқадыр ақсақал үшін есте қалар елеулі жылдың бірі. Себебі ол биыл 90 жасқа толып отыр! Осы ұзақ ғұмырында Назар ата бөлендей ауырып-сырқаған кісі емес. 10 жасынан бастап колхозда әртүрлі жұмыстар істеген ол соғыс жылдарында өз қатар-құрбыларындай көп қиындықты бастан кешірді. Соғыс басталғанда Назар ақсақал 15 жасқа болатын. Содан бері ол кісінің еңбекке араласпаған күні жоқ. Қазір де қарап отырмайды. Өзінің жеке меншік төрт түлік малын өсіруде. Жастарға ғибратты әңгімелер айтады. Оларды Тәуелсіз елімізді өркендетуге шақырады.

Суретте: тыл және еңбек ардагері
90 жастағы Назар ӘБДІҚАДЫР ақсақал.

ҚАРТ АНА ӨНЕГЕСІ ЕСТЕ



Бигатша Байборина апамыз жасы ұлғайған шақта Санкт-Петербургтан ағасы Рахымбектің сүйегі табылғаны жөніндегі хабарды естісімен сол рәсімге қатысудың жолын іздестірді. Осы кезде Арқалық қаласында тұратын жеке кәсіпкер Нұрлан Айтқұлұлы Жаманов Аманкелдіге келіп, Бигатша анаға жолына жететін қаржы берді. Нәтижесінде, қызы Шайзада екеуі Санкт-Петербургке барып «Бауырластар» зиратындағы Рахымбек ағасының басына барып, дұға оқыды. Басқа да рәсімдерге қатысты. Ол жақтан яғни Рахымбек жерленген «Бауырластар» қорымынан бір уыс топырақты орамалына түйіп әкеліп, Танжардың арғы жақ іргесіндегі ата қорымға апарып, жерлеп, елді жиып, дұға оқытты.

Барлық ауылдастары 80-ге таяп қалған Бигатша ананың осыбір ісіне риза болды.

- Талай жастар әкелерінің Ресейде жерленген қорымдарына

барудың ретін таппай жүргенде Бигатша апай осындай бір ұмытылмас іс жасады. Бәрімізге үлгі көрсетті. Апайдан кейін ол кісінің інісі Миращ Іскендірұлы ағамыз да әкесі Іскендір Нұржанов жерленген «Бауырластар» қорымына барып, ол да Бигатша апамыз сияқты әкесі жерленген қорымнан

топырақ әкеліп, атақорымға қосып, құран оқытты. Кейін, осы екі оқиға біздің ауылда көпке дейін әңгімеленіп жүрді. Біз болсақ қарттық жеткен апамыздың осыбір үлгілі ісіне риза болдық. Апай ағасының басына барып келгеннен кейін біразға дейін қуанып жүрді. Кейін ауырып, қайтыс болып кетті. Көңілін сұрай барғанымда:

- Қарағым Айтұар, Рахымбек ағамның басына барып, міндетімді орындап қайтқаныма өзімді бақытты санаймын, - деп еді.

Сонда марқұм ойға алған бір шаруасын орындағанына өзін сондай бақытты сезінген екен, - деген болатын Айтұар.

Содан бері де 5-6 жылдың жүзі болды. Ауылдастары мен бауырлары Бигатша апайдың осыбір ізгілікті ісін жастарға үнемі өнеге етіп отырады.

Әнет ЖҰМАБЕК.

ҰЛАҒАТТЫ КІСІ



Ұзақ жылдар ішкі істер саласында адал қызмет жасап, зейнеткерлікке шығып, бүгінде еңбегінің рахатын көріп отырған елге сыйлы, сыйлы ақсақалдардың бірі Валентин Сақабаұлы Мыстанов

ағамыз. Өзінің айтуынша ата-анасына бала тұрмай қамығып жүргендерінде Бәкең дүниеге келіпті. Қуанған әке-шешесі әрі ойланып, бері ойланып, сәбилерінің ғұмырының ұзақ болуын тілеп, өзге ұлттың атын береді. Олардың тілегі қабыл болып, Бәкеннен бастап туған балалары тұрақтап, шаңырақ шаттыққа бөленеді.

Валентин Сақабаұлы 1969 жылы Аманкелді орта мектебін бітіріп, Отан алдындағы әскери парызын өтеп қайтқаннан кейін, ішкі істер саласына қызметке келеді. Содан табан аудармай қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты.

Бәкең - тәртіптің, ыждағаттылықтың адамы. Артық сөзді білмейді. Шаруасы-

на мығым. Кітаптар мен газет-журналдарды көп оқиды. Айтұар ойы салмақты, көзқарасы биік. Ол қашан да елдің бірлігі, ұлттардың татулығы жөнінде әңгіме айтады.

Аудандық «АА» газетінің тұрақты оқырманы Валентин аға әр аптаның дүйсенбісі күні редакцияға келіп, өзінің сүйікті басылымын алып кетіп тұрады.

Зайыбы Ағайша Аюбекқызы екеуі бақытты отбасын құрып, балаларын өсіріп, ержеткізіп, бүгінде немерелерінің қызығын молынан көріп отыр.

Көзге көп түсе бермейтін қарапайым қария алдымен өз балаларына, немерелеріне жақсы тәрбие беруде. Сонымен қатар ауданымыздың жас ұрпақтарына жақсы өнеге көрсетіп келеді.

Ә.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Суретте: Валентин Сақабаұлы.

БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЫМ



1916 жылғы халық қозғалысы – тәуелсіздік жолындағы күрестің бір көрінісі. Басқа да аймақтармен қатар күн санап өсіп келе жатырған Аманкелді ауданы бұл мерекені өз дәрежесінде атап өтті.

100 жылдық той «Елдік пен ерлік даласы» атты акындар айтысымен басталды. Айтысқа Айбек Қалиев, Бүркітбай Бекетов, Мамай Ізтілеу, Азамат Мәлжанбай, Бағила Балмашева, Салтанат Өтелбаева Марғұлан Оспанов, Батырлан Сағынтаев, Байбатыр Ахметбеков, Ғалымгерей Кенжеғозин, Тоба Өтелбаев, Айбар Рағатовтар қатысты. Акындар халық қозғалысының маңызын, батырлардың ерліктері хақында жырлады.

Ел жайы да назардан тыс қалған жоқ. Аманкелді ауданы жыл санап көркейіп, жана нысандар бой көтеріп келе жатқанын айтты. Акындардың әділ бағасын Ғұмар Ахметчин, Жұма-Назар Сомжүрек, Хамитбек Мұсабаев, Әлпия Орманшина сынды аға-апаларымыз беріп отырды.

Бірінші кезекті аяқтаған соң Айбек Қалиев пен Азамат Мәлжанбай, Салтанат Өтелбаева мен Марғұлан Оспанов айтысты. Осы төртеудің айтысынан кейін қазылар келісіп, шешім шығарды. Нәтижесінде, бас бәйге Айбек Қалиевке бұйырды. Бірінші орынды Салтанат Өтелбаева еншіледі. Екінші орынды Азамат Мәлжанбай алса, үшінші орынды Марғұлан Оспанов пен Батырлан Сағынтаев алды.

Екінші орынды иеленген Азамат Мәлжанбайға сыйлықты тапсырып болған соң, Х.Мұсабаев сахнада қайта сөйлемес үшін Айбекке 1916 жылғы көтерілістің бір бөлігін ұйымдастырған ел ағасы Мұхамеджан Бүркітовтің ұрпағы Айтуар Тәшпанов ат мінгізгелі тұрғанын айтты. Осы кезде Айтуар Тәшпанов сахнаға көтеріліп, айтыскерлерді құттықтап, алғысын айтып, айбек қажы Қалиевке ат мінгізді.

Халық қозғалысының 100 жылдығын атап өтуге арналған игі бастамалар келесі күні батыр ата ескерткішінің жанындағы жиынмен жалғасты. Аманкелді ауданының әкімі Н.Өтегенов тарихты тереңнен тербеп, халық қозғалысының маңызы мен ғибратына тоқталды.

Сенат депутаты Серік Ақылбай азаттық жолында күрескен Кейкі Көкембайұлының аңсап кеткен азаттығын сақтау, қастерлеу бүгінгі ұрпақтың еншісінде екенін айтты. Мұнан кейін тарих ғылымдарының докторы, Аманкелді батырдың немересі Батырлан Рамазанұлы халық қозғалысына байланысты өзі шығарған кітап туралы шағын мағлұмат берді.

Мен атама байланысты түрлі деректерді жинап келемін. Әкем Рамазан Амангелдиев есейген шағында қолына қалам алып, әкесі туралы «Батырдың балалық шағы» деген роман жазуды бастады. Бірақ, аяқсыз қалды. Өйткені, әкем соғыс басталған жылы майданға баруға өтініш берген екен. Енді бұл кітапты аяқтап, халыққа жеткізу – менің міндетім, - деді батырдың немересі.

Жамбыл облысы, Шу ауданынан келген зейнеткер, Аманкелді Үдербайұлын дәріптеп, насихаттаушы Рысбай Райысұлы:

- Аманкелді Иманов 1918 жылдың наурызында Торғай



Суреттерде: аудан әкімі Н.Өтегеновтің акындар айтысын ашып, оларға сәттілік тілеп тұрған кезі; бас жүлде мен бірінші орынды иеленген айтыскер акындар Айбек Қалиев пен Салтанат Өтелбаева; сахна төрінде айтысқа қатысқан барша акындар мен тілекшілер; жерлесіміз атақты жиһанкез С.Ысқақұлы мен аудан басшысы Н.Өтегенов айтысты қызықтаған жұртшылық ортасында; 17 қыркүйек күні мәдениет үйінде өткен ғылыми конференцияға қатысқан ел ағаларының бір сәті; А.Имановтың немересі Батырлан Рамазанұлына шапан жапқан сәт; А.Иманов мемориалдық музейінде акындар мен әкімдер бас босқан шақ; 12 және 25 шақырымдық бәйгеде бас жүлдені иеленген тұлпарлардың иелеріне мотоцикл мен автокөлік тапсырылған қуанышты сәт.

(Жалғасы 5-бетте)

БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Суреттерде: Жанкелдин ауданындағы «Сыма» шаруа қожалығының төрағасы **Кәкімжан Карбозовқа** шапан жапқан сәт; А.Имановтың ұрпағы **Орынкүл Әтембекова** батыр ескерткіші жанында; акын, айтыс қазыларының төрағасы, Қазақстан Жазушылар Одағы Қостанай облыстық филиалының директоры Ғұмар Ахметчин және Торғай-Қостанай облысының басшысы болған Кенжебек Укин мен ел ағасы, Торғай облысы әкімінің бірінші орынбасары болған Аманкелді Садырбековтің өзара пікір алысып отырған сәті; Тойтөбедегі ат бәйгесінен көрініс; балуандар белдескенде; жұлдеге берілген автокөліктер; сыйлыққа тартылған түйе (Кәкімжан Карбозов сыйлаған).

уезінің әскери комиссары болып тағайындалған. Ең өкініштісі, 1919 жылы Торғайда Кеңес өкіметі құлап, батыр бабамыз қанды көйлек сарбаздарымен бірге тұтқындалды. Ел ішінің тыныштығы кетіп, Аманкелді батырдың туыстарына атамекенінде тыныш өмір сүру мүмкін болмайды. Қауіп-қатер жиілеген 1920 жылы батырдың ағайын-туыстары мен бауырлары, шамамен 140 отбасыдай болса керек, Торғайдан дүркірей көшеді, - деп естеліктерінен үзінді оқып берді.

Іс-шара «Мәңгілік ел мұраты: Тарих пен тағылым» атты ғылыми конференциямен жалғасын тапты. Оған Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев, Астана, Алматы, Қостанай қалаларынан, Қарағанды, Ақмола облыстарынан арнайы тойға шақырылған қонақтар, ауданның зиялы қауым өкілдері, барлығы 200-дей адам қатысты. Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің құттықтау хатын оның орынбасары Марат Жүндібаев оқып берді.

«1916 жылғы халықтық қозғалысты тарихи тұрғыда зерделеу мәселелері» тақырыбында профессор, тарих ғылымдарының докторы Аманжол Күзембайұлы баяндама жасады. Өз сөзінде:

- Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан дейді қазақ. Мұндағы айтайын дегеніміз осы тарихи құбылысқа шынайы баға беру қажеттілігі енді туған сияқты. Қозғалыс төңкеріске ұласты, соның нәтижесінде Ресей империясының ұлан-ғайыр территориясында Кеңес үкіметі орнады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс біржақты ғана зерттеле бастады. Қозғалыстың әрбір он жылдығында Торғайға экспедиция ұйымдастырылып, есепсіз деректік материалдар жинақталды. Олардың көпшілігі жарияланды да. Ә.Жанкелдин, А.Иманов жөнінде құжаттар жинағы ертеректе жарық көрді. Өкініштісі, барлығы да тек кеңестік идеология тұрғысынан қарастырылды, - деді.

1916 жылғы халық қозғалысының өңір тарихындағы орны туралы акын, «АА» газетінің бас редакторы Хамитбек Мұсабаев баяндама жасап, жұрттың көбі білмейтін көптеген тың деректерді ортаға салды.

Жиын соңында бір топ азаматтарға шапан жабылып, сый-сияпат жасалды.

Қалың қауым бәйге болатын жерге қарай ағылды. Бұл күнде ат жарысты өткізетін алаңды табу да оңай шаруа емес. Бәйге жолының топырағы жұмсақ, аттың тұяғына зақым келтіретін тастар, ұңғыл-шұңқырлар болмауы шарт. Ал Аманкелдіде мұндай жер – Тойтөбе. Әсем ән, күмбірлеген күймен астасқан осынау сән-салтанат баршаны керемет бір күйге бөлеп тұр. Қырағы көз бапкерлер бәйге аттарының артық-кемін жазбай танып, алдын ала байқап, тиісті қорытынды жасап отыр. Кей ақсақалдар бас бәйгені алатын атты да жорамалдап қойған. Бәйге басталмай тұрып, халық театрландырылған қойылымды тамашалады.

Ат бәйгесі десе арқасы қозатын жанкүйерлер Тойтөбені қиқуға бөледі. Шабандоздар 12 шақырымды еңсеру керек. Әу дегеннен облысқа белгілі кәсіпкер А.Тұрсыновтың «Ар-гон» атты сәйгүлігі суырылып



алға шықты. Қостанайлық «Хан», арқалықтық «Лазер», аманкелділік «Ақтанау» да осал емес. Соңғы екі айналым қалғанда «Аргон» шаршаңқырап қалған сыңайлы, Атбасардан қосылған «Сарматам» атты торы құнан алға шықты. Сонымен, мәреге 17 жастағы Ақылбек Жұмағалиев мінген «Сарматам» бірінші жетті. Аттың иесі – Азамат Бұлтанов. Шабандоздар 25 шақырымдық аламан бәйгеге қатысты. Басты жұлде – автокөлік. Аламан бәйгеде белгілі атбегі, торғайлық Балғабай Қабжановтың жүйрігі бәрінен озып, мәреге жеке дара келіп жетті.

Орталық стадионда алыптар бәсекесі – «Түйе палуан» өткізілді. Бозкілемге «Қазақстан барысы» турнирінің алғашқы жеңімпазы Ұлан Рысқұл, халықаралық жарыстардың жұлдегерлері Руслан Әбдіразақов, Ержан

Шынкеев, Сейтен Айбат секілді кілең мықтылар шықты. «Түйе палуанда» Ұлан Рысқұл ақтық сында Ержан Шынкеевтен айналысын асырып, жеңіске жетті. Осылайша, ол автокөлік иегері атанды.

Мерекелік бағдарламалар кеші республикамызға танымал өнер жұлдыздарының «Жаса, Қазақстан!» шоу-концерті және мерекелік отшашумен аяқталды. Осы концертті көп адам тамашалады. Уақыт түн ортасы болса да, өнерпаздардың әнін сағынған халық тік тұрып тыңдады.

Міне, халық қозғалысына арналған Батпаққара төсіндегі той өз мәресіне жетті. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған тойға жан-жақтан келген құрметті қонақтар дән риза.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
Сералы МЫРЗАБАЙ,
«АА» газетінің тілшілері.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сол үшін қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

«Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтардың арыз-шағымдарын және ұсыныс-пікірлер салуға арналған жәшігі орнатылған. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын жіті қадағалауда ұсталынып келеді. Осы мақсатта «Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 21-5-87 сенім телефоны жұмыс жасайды. Елбасының Жарлығымен 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарының бірі ретінде мемлекеттік қызмет саласының сыбайлас жемқорлықтан түбегейлі тазарту болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуіміз керек.

С.СЕЙДИН,
«Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ басшысы

ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



2016 жылдың 21 қыркүйегі күні «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс ХХІ конференциясы өткізілді. Конференцияға партия белсенділері, мекеме басшылары, бастауыш партия төрағалары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды.

Конференцияның күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1. «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы төрағасын сайлау туралы.

(Хабарламашы - С.Т.Ахметов – Қостанай облыстық филиалы төрағасының орынбасары).

2. «Нұр Отан» партиясы Аманкелді аудандық филиалы Саяси кеңесінің сайлау туралы. (Хабарламашы - А.Қ. Ташимов).

3. «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының құрамын бекіту туралы. (Хабарламашы А.Қ.Ташимов)

4. «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы. (Хабарламашы - А.Қ.Ташимов)

5. Амангелді ауданындағы мемлекеттік және салалық бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Т.С.Ахметов сөз сөйлеп, аудандық филиал төрағалығына Н.Қ.Өтегеновтың кандидатурасын ұсынды.

Конференция делегаттары Н.Т.Өтегеновты бірауыздан төраға етіп сайлады.

Күн тәртібіндегі екінші, үшінші, төртінші мәселелер бойынша А.Қ.Ташимов хабарлама жасап, конференция делегаттары «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы саяси кеңесі мен филиалдың бақылау комиссиясының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесінің құрамын бірауыздан бекітті.

Бесінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Т.Ибраев, Үрпек ауылдық округінің әкімі Ғ.Т.Жақыбаев, Амангелді селолық округінің әкімі – М.С.Дихамбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Конференция жұмысын Н.Қ.Өтегенов жүргізіп, қорытындылады. Конференция күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылдады.

Г.ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ.

«ӘДІЛДІКПЕН КЕЛІСІМ ЖОБАСЫ»

Қостанай облысының прокуратурасымен «Әділдікпен келісім – Сделка с правосудием» Жобасы жасалып, ұсынылған (қылмыстық процесте), оның мақсаты келісім өндірісте қаралған істерді көбейту арқылы сот өндірісі үрдісінің жеңілдетуі.

«Әділдікпен келісім» Жобасы – ол белгілі санаттағы қылмыстық істерді сотта қарау және тергеу үрдісін маңызды жеңілдетуге, жеделдетуге бағытталған құқықтық-ұйымдастырушылық және құқықты қолдану сипатындағы шаралар жиынтығы.

Осы жиынтыққа жаңа баламалы және ыңғайлы сот өндірісінің тәртібі туралы құқықтық түсіндіру жұмысы кіреді.

Жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қайта қалыпқа келтіру – қылмыстық процесстің қандай сатысы болса да, құқық қорғау органы жұмысының ең негізгі белгісі болып табылады.

Кінәні мойындау туралы процестік келісім – ол қылмыс жасаған тұлғамен прокурордың арасындағы жазбаша келісім. Процестік келісім жасау мүмкіндігі жөнінде өз ойын жәбірленуші де білдіреді.

Процестік келісім жасалғанда қылмыстық процеске қатысушылардың барлығы ұтады. Сонымен, қылмыстық қудалау органына дәлелдемелерді жинау мақсатында үлкен жұмыс атқару қажет емес, себебі кінәлі тұлға өз кінәсін мойындайды. Ал, ол тергеу уақытын қысқартады. Кінәлі тұлға нәтижесінде ең үлкен жазаның жар-

тысынан көп алмайды. Жәбірленуші тарапқа қысқа мерзімде келтірілген шығын мен залал өндірілетін болады.

Процестік келісім жасалғанда сот отырысына тек прокурор, сотталушы және оның қорғаушысы қатысады. Қажет болған жағдайда жәбірленуші.

Процестік келісім институтына келу және оны белсенді қолдану:

- ♦ сотқа дейінгі тергеп тексеру мерзімін және сот процессінің уақытын қысқартады;
- ♦ жәбірленушіге қылмыспен келтірілген залалды өндіру процесі жеделдетіледі;
- ♦ кінәлі тұлғаның жазасы жартылай қысқартылады;
- ♦ сотқа көптеген куәгерлер мен сарапшыларды шақыру керек емес;
- ♦ қылмыстық қудалау органдар мен соттардың жүктемелері төмендетіледі;
- ♦ процесстік шығындар азайтылады;
- ♦ үрдіс және уақыт шығындары азайтылады;
- ♦ мүлктік залалды өндіру туралы проблемалық сұрақтар қысқартылады;
- ♦ Қоғамда дау деңгейі төмендету;
- ♦ Дауларды шешуде мәдениетті жоғарлату.

Жақтарда қылмыстық іс бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, заңның негізгі ережелерін және келісімге келетін жақтардың құқықтарын тергеуші, прокурор түсіндіруге міндетті.

Аудандық прокуратура.

ЖАДЫНАМА ҰРЛЫҚТЫ АЛДЫН-АЛУ БОЙЫНША

Ұрлықты болдырмау мақсатында:

- бірінші қабаттағы үйлердің терезелерін тормен қаптау қажет;
- қоғамдық орындарда сондай-ақ қоғамдық автокөліктерде «қалта ұрыларынан» сақ болыңыз, қажет болмаса үлкен сомадағы ақшаны алып жүрмеңіз, әмияндарыңызды ішкі қалтаға салып жүріңіздер;
- мүмкіндігінше кіре беріске екі есік орнатқан жөн болады;
- пәтерге танымайтын адамдарды кіргізбеңіз;
- мүмкіндігіңіз болса ит ұстаныңыз;
- мүмкіндігіңіз болса бейне бақылау және домафон орнатыңыз;
- малдарыңыз болса қараусыз жайылымға жібермеңіз;
- есік алдына қараусыз керек заттарды тастамаңыз;
- ұялы телефондарыңызға сақ болыңыздар;
- егер үй құлпының кілтін жоғалтып алсаңыз, құлыпты ауыстырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!
ӨЗІҢІЗДІ ӘРҚАШАН ҰРЫЛАРДАН ҚОРҒАП ЖҮРІҢІЗ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

**БАТПАҚҚАРА КӨТЕРІЛІСІНІҢ КӨСЕМІ СЕЙІТБЕК
ҚАЛИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА - 125 ЖЫЛ**



Құрметті жерлестер! Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында кезінде коммунистік-кеңестік түпкілікті отарлау саясатына саналы түрде қарсы шығып, жерлестерін Батпаққара көтерілісіне бастаған, сол жолда 1930 жылы 5 мамыр күні «Халық жауы» ретінде атылып кеткен ағамыз **Сейітбек Қалиұлы ҚАЛИЕВТІҢ** туғанына алдымыздағы 16 желтоқсан күні 125 жыл (16. XII.1891 - 05.05.1930) толғалы тұр.

Кезінде ағамыздың 100 жылдығында еліміз Тәуелсіздігін алып еді. ЮНЕСКО талаптарына байланысты көрнекті тұлғаның 125 жылдығын еске алу елеулі оқиға болып табылады. Осыған орай әрі Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен өзінің туғанына 125 жыл толу құрметіне ағамызды еске алып, рухына тағзым етуді перзенттік парызымыз санадық.

Ағамыз 1929 жылы 27 қараша күні қазіргі Астана қаласында тұтқындалғанда үлкен ұлы Назарымбек 16 жасында 10 жылға сотталып кетті. Ал ортаншы ұлы Рәшит (1923-1976) 6 жастағы бала еді. Кенжесі Рақымжан болса - еңбектеп жүрген бүлдіршін (1929-1969) болатын. «Халық жауының» баласы деген жаман атақтан Рәшит әкеміз Ұлы Отан соғысына қатысып, ер атанып келіп, құтылды. Ауданда көптеген мекемелерде бас бухгалтер болды.

Рақымжан аға болса 40 жасында қайтыс болып кетті. Түрлі басшылық қызметтерде болды.

Бүгінде халық батыры Сейітбек Қалиевтің артында қалған ұрпақтары өсіп, жетілді.



Еліміздің Тәуелсіздігі жолында шыбын жанын шүберекке түйген ағамыздың рухына Ас беріп, дұға бағыштатуды белгілеп отырмыз. Оның алдында **2016 жылдың 4 қарашасы күні сағат 11-де** Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде марқұмды еске алу кешін өткізбекпіз. Одан соң сағат 13-те «Елдар» тойханасында Тәуелсіздік жолындағы күрестің қаһарманы Сейітбек Қалиұлының рухына дұға бағышталады.

Сол шараға туыс-туғандарды, ілік-жіліктерді, ел ағаларын, қажыларды және жолдас-жораларымызды шақырамыз.

Құрметпен - Сейітбек Қалиевтің немерелері мен шөберелері.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ АУДИТ

Құрметті Амангелді ауданының тұрғындары! Төтенше жағдайлар бөлімі сіздерге өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит енгізілгенін хабарлайды. Сол себептен, сіздерді осы ақпаратпен танысуларыңызды сұраймыз.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 38 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік өрт бақылау қызметіне өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1012 Қаулысымен бекітілген құрылымдық реформаларды іске асыру жөніндегі 2014 - 2015 жылдарға арналған жол картасының 2 тармағымен, тәуекел дәрежесі жоғары объектілерге жүргізілетін тексерулерге балама ретінде, өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит қарастырылған.

Қолданыстағы тексерулерге балама ретінде енгізілгелі жатқан бұл шараға, мемлекеттің қатысуынсыз сараптау ұйымымен жүргізілетін тексеруді бақылау субъектісінің ерікті түрде таңдауы жатқызылады, яғни, объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалайтын формалардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, тексерудің бұл формасы өз кезегінде іс-әрекеттері адал кәсіпкерлерді ынталандыруға жағдай жасайды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен белгіленген жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, тәуекел дәрежесі жоғары бақылау

субъектісі сараптама ұйымының оң қорытындысын алған кезде Заңының 6 тармағына сәйкес қорытынды қолданылатын кезеңде тексерулерден босатылады.

Қазіргі таңда Төтенше жағдайлар комитетімен өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жұмысын жүргізуге 74 экспертті ұйымдар акредитацияланған.

Осы да, қосымша ақпаратты, төтенше жағдайлар бөлімінен білуге, немесе халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық стендтерінен осы ақпаратпен толығырақ танысуларыңызға болады. Төтенше жағдайлар бөлімінің телефоны 8(71440) 22-0-62.

Д.БҮРКІТОВ,
Амангелді ауданы әкімі аппаратының ЖД бойынша, ТЖА және АҚ жөніндегі бас маманы

А.ӘШІМ,
Амангелді ауданының ТЖБ-нің инженері азаматтық қорғау сержанты.

Хабарландыру «1 қазан – Халықаралық қарттар күніне» орай Амангелді ауданында өткізілетін іс-шаралар бағдарламасы			
№	Іс-шаралар атауы	Уақыты	Өткізілетін орны
1	Қарт адамдарға көмек көрсету мақсатындағы «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел	26 қыркүйек 2016 жыл сағат 15 ⁰⁰ -де	«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы ғимараты
2	Қарттар күніне арналған салтанатты жиын, «Қарты бар елдің – қазынасы бар» атты мерекелік концерт	30 қыркүйек 2016 жыл, сағат 11 ⁰⁰ -де	Аудандық Мәдениет үйі
3	Қарт кісілер құрметіне шахматтан аудандық турнир	1 қазан 2016 жыл сағат 10 ⁰⁰ -де	«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы ғимараты
4	Қарт кісілер арасында билырдтан сайыс	1 қазан 2016 жыл сағат 10 ⁰⁰ -де	«Нұрасыл» кафесі
5	Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дойбыдан сайыс	5 қазан 2016 жыл сағат 10 ⁰⁰ -де	«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы ғимараты

2016 жылдың 4-ші тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ басшысының жеке және заңды тұлғаларды өтінішімен қабылдау КЕСТЕСІ			
ГРАФИК ПРИЕМА			
Физических и представителей юридических лиц а КГУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» на 4 квартал 2016 года			
Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты-жөні Ф.И.О. лиц ведущего прием	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін азаматтың лауазымы Должность	Қабылдау күні, уақыты День и время приема	Телефон
Сеилова Жұлдызай Бахытбековна	Бөлім басшысы Руководитель отдела	Сәрсенбі, Жұма 16:00- 18:00-ге дейін (апта сайын) Среда, Пятница С 16:00 до 18:00 (еженедельно)	21-3-48
«Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ мекен-жайы: Амангелді селосы. Б.Майлин көшесі 14, сенім телефоны 21-3-48 жұмыс істейді. Осы номер арқылы мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық пен қаржылық бұзушылықтар мәселелері бойынша хабарласуға болады.			
КГУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» прием проводится по адресу: с.Амангельды, ул.Б.Майлина 14, работает телефон доверия 21-3-48 по которому можно обратиться по вопросам коррупционных и финансовых нарушений государственных служащих.			

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН Аманкелді селосының тұрғыны Бауыржан Әбілхасенұлы Әнуаровтың: 1.Жүргізушілік куәлігі (право); 2.Автокөлігінің техникалық паспорты; 3.Сақтандырудан өткендігі жөніндегі техникалық талоны; 4.Техосмотрдан өткендігі туралы талоны жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Егер көрген-білгендер бір аптаның ішінде құжаттарды тауып, әкеліп беретін болса, сүйіншісі болады.	ЖЫЛЫНА ШАҚЫРАМЫЗ Ардақты әкеміз Тұржанов Сағымбай Тұржанұлын сағынышпен еске ала отырып, жылдық асына туған-туыстарды, көрші-көлем, сыйласқан азаматтарды шақырамыз. Ас 15 қазан күні Қарасу ауылында сағат 12-де «Самал» кафесінде беріледі. Балалары, немерелері.
	ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН 18.03.1977 жылы туған Бекенова Эльмира Қонысбековнаның атындағы №039395594 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
	ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН 09.03.1959 жылы туған Хасенов Оразғали Абакановичтің №015358541 жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

Азаматтық қорғау бойынша

ҚОРА ТӨБЕСІНДЕ ЖИНАЛҒАН ШӨПТІҢ ӘСЕРІНЕН ПАЙДА БОЛАТЫН ӨРТТЕР

Қазіргі уақытта өрттің шығуы қауіпі күшеюде, әсіресе шөп тасу, жинау кезені басталғанда. Өздеріңіз білетіндей шөптің жануына аз ғана уақыт керек, сондықтан лезде үлкен өрт пайда болуы мүмкін. Көбінесе шөптің жануы себебі, шөптің арнайы шөп албарларға жиналмай, қора төбесіне, тұрғын үйлерге жақын жерге, немесе электр желілерінің астына жиналуынан. Шөптің жануына бір шок жеткілікті, бірақ ол жанған шөпті тоқтату өте қиын. Осы жылдың ағымында Амангелді ауданында 5 қора өрті болды, олардың себептері қораның төбесінде жиналған шөптің жануынан басталған. Сол себептен төтенше жағдайлар бөлімі сіздерге шөп жинау және үю ережелін сақтауларыңызды сұрайды!

Шөптерді жинау ғимаратқа және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындалады. Аталған қашықтықта шөптерді жинау мүмкін болмаған жағдайда жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтықты 5 метрге дейін қысқартылуы тиіс. Қоралардың шатырларына және басқа шаруашылық құрылыстарына қалдық шөптерді жинауға болмайды. Электр жеткізу желілерінің астына жем-шөптерді жинауға тыйым салынады, учаскесінің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта сақталады. Осы қарапайым ережелерді сақтауларыңызды сұраймыз! Өз мүлкімізді сақтау әрқайсымыздың қолымызда!

Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаментінің телефондары: 8/7142/503624; 112;

Амангелді ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің телефоны: 22-0-62

Амангелді ауданының №21 өрт сөндіру бөлімі: 21-5-07

А.ӘШІМ,
Амангелді ауданының ТЖБ-ің инженері азаматтық қорғау сержанты

ХАБАРЛАНДЫРУ
Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет және Ішкі саясат басқармаларымен бірлесіп а.ж. 2-30 қыркүйек аралығында «Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!» әдеби байқауын өткізеді.
Қатысамын деушілер сұранымын а.ж. 30 қыркүйегіне дейін agskos@mail.ru электрондық поштасына немесе Қостанай қаласы, Қасымханов көшесі 34, 207 кабинетке қолдауы қажет.
Толығырақ ақпаратты аудандық Ішкі саясат бөлімі 8(71440)22020 телефонына хабарласып біле аласыздар!
Конкурс ережесі www.amangeldy.kostanay.gov.kz сайтында жарияланған.

ЕСКЕ АЛУ Ардақты да асыл ағамыз, кезінде ауданымыздың мерейін асырған, мәртебесін өсірген, айтулы балуан болған бауырымыз Шөптібай Қабжәлелұлы ҚАБЖӘЛЕЛОВТІҢ дүниеден өткеніне 40 күнге жакындап қалыпты. Ағамыз бәріміздің ішіміздегі жасы үлкеніміз еді. Ес біліп, етек жия сала әкеміздің қолының ауыртпалығын алып, көмекшісі болды. Біздің бәрімізге үлгі-өнеге көрсетті. Оның асыл бейнесі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі біз үшін тамаша тағлым, ғибрат еді. Бауырымыздың 69 жасқа қараған шағында дүниеден өтуі - біздің көңілімізді босатып, жүрегімізді ауырттып кетті. Қанша қиналсақ та Аллатағаланың ақ бұйрығына төзім қылып, оның ғазиз рухына дұға бағыштаудамыз. Алладан ол кісіге ожахтың төрін тілеудеміз. Аллатағала сол тілегімізді қабыл еткей!	
--	---

Қайран аға, жаны жайсаң жан едің, Біздер үшін қара басың хан едің. Бәріміздің үлкеніміз болғасын, Бәрімізге тек жақсылық тіледің.

Балуан ең - жыққан талай алыпты, Азамат ең - қарапайым, қалыпты. Күресінді көздерімен көрген ел, Дарыныңды тым ертерек біліпті.

Әке орнына - әке болған ағамыз, Қадірінді алабөтен ұғамыз! Қабіріңе нұрын шашсын әрдайым, Өзіңе арнап оқыған бар дұғамыз.

Бір әке мен бір анадан туғасын, Соңына ерген бауырларың болғасын. Біз өзіңе адал дұға тілейміз, Иманыңыз қабіріңе сыймасын!

Еске алушылар: інілері мен қарындастары, балалары.

Шөптібай Қабжәлелұлы Қабжәлеловтің қырқы 2016 жылғы 29 қыркүйекте «Ақниет» тойханасында сағат 12-де беріледі. Асқа туыс-туғандар мен ілік-жіліктерді және ағамыздың достары мен өзіміздің жора-жолдастарымызды шақырамыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ



Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Ұлттың болмысын, ұлылығын, кісілік келбетін, биік парасатын тануда тілден артық күш жоқ.

Мемлекеттік тіл Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі болады. Ата Заңымыз - Қазақстан Республикасының Конституциясының 7 бабы, 1 тармағында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» делінген. Демек, мемлекеттік тіл - мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шын-дап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» - деген болатын. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің баянды болуын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұвтың қасиетті қағидасына сүйенсек, тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тіл саясатын жүргізудегі негізгі құжат ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы

тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын жүргізу. Бағдарламаның «Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы» атты негізгі мақсатын іске асыру – Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды бағамдайды.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет» деген Елбасымыз тіл саясатын жүргізу барысында көрегендік танытып отыр.

Ауданымызда мемлекеттік тіл ахуалы жақсы деңгейде қалыптасқан. Бұған себеп аудан тұрғындарының 98 пайызы жергілікті ұлт өкілдерінен құралуы және ауданымыздағы этностар өкілдерінің мемлекеттік тілді еркін меңгеруі болып табылады. Ауданда хабар таратушы жергілікті «Амангелді арайы» газеті толығымен мемлекеттік тілде басылады. Сонымен қатар аудан әкімінің ресми сайтында ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Мемлекеттік мекемелерде іс-құжаттардың жүргізілуі толығымен мемлекеттік тілде жүзеге асырылып келеді. Облыстық тілдерді дамыту басқармасымен үнемі жүргізіліп отыратын зерттеулерге сүйенсек Амангелді ауданы әкімдігі аппараты және әкімдік бөлімдерінің сыртқы және ішкі құжат айналымында мемлекеттік тіл туралы заңнаманың сақтау жөнінен облыста көшбасшы қатардан көрінуде. Сонымен бірге ауданымыздағы кәсіпкерлік объектілерінде мемлекеттік тілді қолдану жақсы жүйеге қойылған. Кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға Тіл туралы заңнама нормаларының қатаң сақталуын және сыртқы

жарнама құралдарының талапқа сай болуын қадағалау мақсатында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қызметкерлері тарапынан әдістемелік көмектер көрсетіліп келеді.

Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту» атты төртінші мақсатында «Қазақстанда тұратын этностар тілдерін оқып-үйрену, сақтау және дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөніндегі, сондай-ақ халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілін және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге көмек көрсету жөніндегі жүйелі жұмыстың ұйымдастырылуы болжанады» деп көрсетілген. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Амангелді ауданында 2013 жылдан бері ағылшын тілін оқыту курсы ашылып, тұрғындарға халықаралық қатынас тілін үйретіліп келеді. Құрсты жыл сайын 30 адам оқып аяқтауда. Олардың қатарында мемлекеттік қызметкерлер, мектеп, кәсіпорын қызметшілері бар. Қазіргі уақытта ағылшын тілін оқыту курсы аудандық орталық кітапхана базасында жүргізілуде. Ағылшын тілін тегін үйренемін дейтін аудан тұрғындары болса әрдайым есік ашық және толық құрсты аяқтағаны жөнінде мемлекеттік үлгідегі сертификат беріледі.

Сөз соңында Елбасымыздың мынадай көрікті сөздері көкейге оралуда: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтықы болған – оның ғажайып тілі».

Құрметті жерлестер! Сіздерді Қазақстан Республикасының халықтары күні мерекесімен құттықтаймын! Еңсесі биік егемен еліміздегі барша халықтың ұйытқысы болып отырған қазақ тіліміз – баба тіліміз, дана тіліміз, дара тіліміз мәңгі жасай берсін!

С.КАДИРШИНОВ,
«Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ бас маманы



Жуырда «балдырған» балабақшасында тіл мерекесіне орай «Ана тілім - арлақтым!» атты «қызғалдақ» тобының тәрбиешісі Жүсіпова айнұр Абдразаққызы топ тәрбиеленушілерімен ертенгілік өткізді.

Ертенгілікте балаларға әртүрлі сұрақтар қойылды және бүлдіршіндер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тапқақтар айтты. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. «Балдырған» балабақшасының меңгерушісі Д.мақтағанова ұжымды, тәрбиеленушілерді мерекемен құттықтады.

М.ЕРЖАНОВА,

«Балдырған» балабақшасының ағылшын тілі пәні мұғалімі.

ТУҒАН ТІЛІМ - АЙБАРЫМ, МАҚТАНЫШЫМ!

Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Қазақ балаларының өзге тілді меңгергеніне қуанып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлеп, білім алып жатқанын көргенде бір жасап қаламыз. Ұстаздар қауымының басты міндеті - шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру.

Айтулы тақырыпқа орай аудандық орталық балалар кітапханасында Тілдер мерекесіне орай «Туған тілім - айбарым, мақтанышым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға шолу жасалды.

Кітап көрмесінің мақсаты - оқырмандардың ой-өрісін кеңейту, білімін жетілдіру, мәнерлі сөйлеуге, сөздік қорын байытуға, ана тілін аялап құрметтеуге, Отанын, елін-жерін, тарихын салт-дәстүрін, туған тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Зарина МҰСАБАЕВА,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтына ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ

Өрт сөндіруші – нағыз ерлердің мамандығы. Ерлік, батырлық, жан қиярлық - осы мамандық иесінің әр қайсысына тән қасиет. «Құтқару міндеті-мейірдан жандарға лайық» Отпен күресушілер, деп жауынгерлік мамандық иелерін атайды. Жай адамдар осы мамандық иелері бола алмайды: өйткені осы мамандық жақсы дене шынықтыру тәрбиесін, мықты жүйкені, шыдамдылықты, болатын зілзала, апатта қиыншылықты жеңе білуді, сонымен бірге мүлтіксіз абыройды талап етеді. Осы сипаттағы бейнеге сәйкес келу үшін азын-аулақ жұмыс тәжірибенің және өрт қауіпсіздігі аумағынан арнайы атағының болуы қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстанда өртке қарсы қызмет үшін мамандарды дайындау үшін ҚР ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтында оқу тегін, мемлекеттік есептен жүргізіледі.

Осы оқу орнына іштей бөліміне оқуға түсу 25 жасқа дейінгі және 16 жасқа толған тұлғалар қабылданады.

Бірыңғай ұлттық тестілеу өткізу бойынша кем дегенде қажетті өту баллын алған абитуриенттермен аумақтық орталықтардан алған сертификаттың негізінде оқуға кандидаттарды қабылдау жүзеге асырылады. ҰБТ тапсыру кезінде төртінші физика пәнін таңдау қажет. Сондай-ақ абитуриенттер дене шынықтыру бойынша сынақ тапсырады және медициналық куәләндірудан өтеді. Институтта мерзімінен бұрын әскери қызметтен өтетін тыңдаушылардың іштей оқу мерзімі - 4 жыл және толығымен мемлекетпен қамтамасыз етіледі. Оқуды аяқтаған соң курсантқа арнайы - өртке қарсы қызмет лейтенанты атағы беріледі. Қызметті әрі қарай жалғастыру үшін алған біліктілігіне сәйкес әр түлекке жұмыс және қызмет орыны кепілді.

Осы ақпаратқа мүдделілерді Амангелді ауданының №21 Өрт сөндіру бөліміне: Аманкелді селосы Ш.Уалиханов көшесі №3 мекен-жайына келіп, немесе 21-5-07 телефон номеріне хабарласуыңызға болады. Институт, оның орналасу жері, байланыс телефондары іріктеу және қабылдау ережелерін жайлы ақпарат институттың ресми сайтында орналасқан www.kti-tjm.kz

Қосымша төмендегі сенім телефондарын назарларыңызға ұсынамыз: Қостанай облысының Төтенше жағдайлар Департаменті 8-7142-50-36-24. Қостанай облысының ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ 8-7142-53-27-30.

Төлебай Серік ҚУАНЫШҮЛЫ,
Амангелді ауданының №21 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы
азаматтық қорғау майоры

«ЖЫЛЫ ЖҮРЕК - ЖОМАРТ ҚОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу - өзіңде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Амангелді жалпы білім беретін орта мектебінде жыл сайынғы дәстүрлі «Мектепке жол» атты республикалық қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекен» атты ұранымен өткізілді. Акцияның басты мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін нақты атаулы көмек көрсету. Акция 2016 жылғы 1 тамызда басталып, 30

қыркүйекте аяқталады. Осыған орай Амангелді жалпы білім беретін орта мектебі аталған іс-шараға біршама жұмыстар атқарды.

Атап айтар болсақ біздің мектепте тиеселі 10 мөлтек ауданның 168 негізгі ауаларға зерттеу, бақылау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қоса аудан төңірегіндегі орналасқан автовокзал, мейрамханалар, базар тағы басқада жасөспірімдер жүретін жерлерге рейд, бақылаулар жүргізілді.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», - дейді дана халқымыз. Қамшының сабындай қысқа өмірде шамашарқың келгенше аялы алақан мен жан жылуын аңсайтын жандарға қол ұшын бергенге не жетсін! Бірінші кезекте көмекті әлеуметтік жағдайы төмен мектепшілік бақылауда тұрған жанұяларға көрсетілді. Осы акция барысында мектепте аз қамтылған, көп балалы от-



басы, толық емес отбасының балаларына мұғалімдердің демеушілігімен 100.000 мың теңге көмек көрсетілді.

Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып, қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген көзқарасын өзгерту-барлық азаматтың борышы.

Ендеше, болашағымыз бақытты болсын десек, бір бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямалық, ағайын!

Ғалия БЕКЕНТАЙҚЫЗЫ,
Амангелді орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1930

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды.

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.